

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 244/7 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 97/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 сәуірде № 4430 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 245/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 16.08.2017 № 245/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 244/7 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3908 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 тамызда "Сарыарқа самалы" газетінде, 2014 жылғы 21 тамызда "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

9-тармақтағы "Академик Сәтбаев көшесі, 136-үй" деген сөздер мен сандар " Қайырбаев көшесі, 32-үй" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын.

"Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында
орналастыруды қамтамасыз етсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін
орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК